

Еуразиялық экономикалық одақта сауданың цифрлық экожүйесін дамыту үшін жағдайлар жасау туралы

Еуразиялық Үкіметаралық Кеңестің 2019 жылғы 30 сәуірдегі № 6 Өкімі

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2017 жылғы 11 қазандағы № 12 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың 2025 жылға дейінгі цифрлық күн тәртібінің Негізі бағыттарының III бөлімі 2-кіші бөліміне сәйкес, Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – Одақ) тауарлар және қызметтер көрсету нарықтарын цифрлық трансформациялау мақсатында және Еуразиялық экономикалық комиссияның Еуразиялық экономикалық одақтағы цифрлық (интернет) сауданың дамуы туралы баяндамасын (бұдан әрі тиісінше – Комиссия, баяндама) назарға ала отырып:

1. Комиссия Одаққа мүше мемлекеттердің (бұдан әрі – мүше мемлекеттер) үкіметтерімен бірлесіп, белгіленген тәртіпте мына:

цифрлық трансшекаралық қызметтер көрсетуді дамыту, Одақ тауарларында қызметтер көрсету үлесін арттыруды ынталандыру және цифрлық қызметтер көрсету әрі олармен байланысты тауарларды реттеуде теңгерімді қамтамасыз ету;

Одақтың цифрлық активтерін қалыптастыру және Одақтың тауарлары мен қызметтер көрсетуін цифрлау;

мүше мемлекеттер арасында цифрлық сауда арналарын және цифрлық платформалар негізінде Одақ шеңберінде цифрлық сауданы қамтамасыз ететін сервистерді дамыту;

тауарлар мен қызметтер көрсетудің мүше мемлекеттерден үшінші елдерге экспортын ынталандыру;

Одақ шеңберінде цифрлық сауда инфрақұрылымын дамыту және Одақта әзірленген технологияларды қолдануды ынталандыру бағыттары бойынша Еуразиялық экономикалық одақта сауданың цифрлық экожүйесін дамыту үшін жағдайлар жасау жөніндегі іс-шаралар жоспарының ("жол картасының") (бұдан әрі – іс-шаралар жоспары) жобасын әзірлесін және Еуразиялық үкіметаралық кеңстің қарауына ұсынсын .

2. Комиссия мүше мемлекеттердің үкіметтерімен бірлесіп, Одақта сауданың цифрлық экожүйесін дамыту мәселелері бойынша ұсыныстар дайындау жөніндегі жұмыс тобын құрсын.

3. Мүше мемлекеттердің үкіметтері бір айлық мерзімде осы Өкімнің 2-тармағында көрсетілген жұмыс тобының құрамына қосу үшін кандидатураларды ұсынсын және іс-шаралар жоспарына енгізу үшін ұсыныстар берсін.

3. Осы Өкім қабылданған күнінен бастап күшіне енеді.

Еуразиялық үкіметаралық кеңес мүшелері:

Армения Республикасынан	Беларусь Республикасынан	Қазақстан Республикасынан	Қырғыз Республикасынан	Ресей Федерациясынан
--	---	--	---	---------------------------------------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК